

Арыс қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Түркістан облысы Арыс қалалық мәслихатының 2025 жылғы 29 желтоқсандағы № 42/240-VIII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 29 желтоқсанда № 37715 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 27-бабына сәйкес Арыс қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Арыс қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Арыс қалалық мәслихат төрағасы

К. Ахметов

Арыс қалалық мәслихаты
2025 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 42/240-VIII шешіміне
қосымша

Арыс қалалық мәслихатының күші жойылды деп танылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. Арыс қалалық мәслихатының 2022 жылғы 15 қарашадағы №29/153-VII "Арыс қаласы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №30577 болып тіркелген);

2. Арыс қалалық мәслихатының 2023 жылғы 28 қыркүйектегі №8/52-VIII "Арыс қалалық мәслихатының 2022 жылғы 15 қарашадағы №29/153-VII "Арыс қаласы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6367-13 болып тіркелген);

3. Арыс қалалық мәслихатының 2024 жылғы 23 желтоқсандағы №27/157-VIII "Арыс қалалық мәслихатының 2022 жылғы 15 қарашадағы №29/153-VII "Арыс қаласы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6634-13 болып тіркелген).